# Педагогикалық кеңестің
## №1 хаттамасы
## 2025-2026 оқу жылы

27 тамыз, 2025 жыл — Ақбастау ауылы

### Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымы жұмысының басым бағыттары туралы.
2. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы.
3. Мектептің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы.

Қатысқандар: „Өрлеу" біліктілікті арттырудың ұлттық орталығының аға оқытушысы С.А. Жарсынбаева

48 мұғалім

### Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Б. Алимкулов сөз алды. Педагогикалық кеңесті ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. 2025 жылдың 15 тамызында Астана қаласында өткізілген тамыз кеңесінде еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың „Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман" тақырыбындағы баяндамасын талдап, қоғамдағы ең маңызды мәселе білім берудің өзекті мәселелері екенін атап кетті. Оқу-тәрбие

Сканировано с CamScanner

процесіндегі ең басты құжаттар
„2025-2026 оқу жылының ерекшеліктері
туралы әдістемелік нұсқау хат" және
„Адал азамат" тұжырымдамасы еке-
нін, мектеп құжаттамасын жүргізуде
осы аталған құжаттарды негізге алу
керектігін назарға алды. 2024-2025 оқу
жылында Ақбастау мектебінің жеткен
жетістіктеріне тоқталып өтті.
Директордың мәлімдемесінен кейін
педагогикалық ұжым Мемлекет басшы-
сы Қ. Тоқаевтың баяндамасының видео-
сын көріп, өз ойларын ортаға салды.
Екінші мәселе бойынша ДОІЖО
Э. Әлімбекова сөз алды. Мектепке дейін-
гі тәрбие мен оқытудың, бастауыш,
негізгі орта және жалпы орта,
техникалық және кәсіптік, орта
біліммен кейінгі білім берудің мем-
лекеттік жалпыға міндетті стан-
дарттарын бекіту туралы ҚР Оқу-
ағарту министрінің 2022 жылғы
3 тамыздағы №348 бұйрығы негізін-
де құжаттамалар жүргізіледі.
Биылғы оқу жылында ҚР БҒМ
2012 ж. 8 қарашадағы №500 бұйрығымен
бастауыш білім берудің оқу жоспары
1-4 сыныптар 1-қосымша, 6 қосымша
5-9 сыныптар негізгі орта білім берудің
жоспары, 85 қосымша 10а, 11а сыныптар
ҚГБ, 86 қосымша 10ә, 11ә сыныптар
ЖМБ 2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№399 үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
жүзеге асырылады.
Білім алушылар саны – 348. Қозға-
лыс әлі де жүруде. Даярлық тобы – 1.
Саны – 15. Бастауыш сынып 1-4 сынып-
тар 8 сынып-комплект – 139 оқушы.
5-9 сыныптар – 10 сынып-комплект 160
оқушы, 10-11 сыныптар – 4 сынып-ком-
плект 49 оқушы. Жалпы 348 оқушы.
22 сынып комплект, 1 даярлық.
Педагогтердің оқу жүктемесі (тарифика-
ция) 52 сағаты бар. Директор – 1, ДОІЖО – 1,5,
ДТІЖО – 1,5, ДБІЖО – 4, педагог-ұйымдас-
тырушы – 1, педагог-психолог – 1, әлеу-
меттік педагог – 1, тәлімгер – 1, әлеу-
кіби бағдар беруші – 1. ҚББП – 1,
1-4 сыныптар 191 сағатты. Оқу жүктемесі
5-9 сыныптарда 310 сағатты құрайды-
ды, 10-11 сыныптарда 138 сағат құрай-
мектеп бойынша 639 сағат. Жалпы
19 сағат. Жалпы 658 сағат, бөліп оқыту.
Мұғалімдерге бірлестік жетекшілер,
қамқоршылық кеңес, бастауыш кәсіподақ

Сканировано с CamScanner

төрағасы бірлесе отырып, былтырғы оқу жылында жетістігі бар мұғалімдерге жүктемеден артық сағат берілді. Атап айтсақ, А. Рыскелдиев 22 сағат, Е. Балат 18 сағат, Н. Өмірбай 17 сағат, Г. Көмербаева 17 сағат, Ж. Темірбекова 20 сағат, Г. Умарова 20 сағат, Ж. Рыскелдиева 19 сағат, Г. Құттыбаева 20 сағат. Мұғалімдердің жүктемесі 16 сағаттан болды. Барлық сағат бөлінді. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша 2 мұғалімге ставкаға толмады. Э. Мүсірәлі 12 сағат, А. Әлібек 9 сағат, шет тілі пәні бойынша Ю. Базарбекова 12 сағат, Б. Жанзакова инклюзив сынып жабылуына байланысты 5 сағат берілді. Сабақ кестесі жасалды. "Білім класс" порталында сабақ кестесі осы апта енгізіліп аяқталады.

Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары жасалды. Жыл бойында 5 педагогикалық кеңес өтеді. Кезектен тыс педагогикалық кеңестер кезінде өткізіледі. Мектепішілік бақылау жоспары лауазымдық қызметке сәйкес бөлініп берілді, жасалынып жатыр, 6 бағыттан тұрады.

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес құжаттамасының жүргізілуін бақылау.
2. Оқу процесінің сапасын бақылау
3. Оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау.
4. Оқу-зерттеу қызметі
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау.
6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

2024-2025 оқу жылында "Ұстаз" платформасында мектептің 19 модератор, 7 сарапшысы, 16 педагогі құжаттарын толық жүктеді. 2 модератор аттестацияға өтінім берді, 2 өтті. 2 сарапшы аттестацияға өтінім берді, өтпеді.

Биылғы оқу жылында 3 зерттеушінің мерзімі келіп тұр. Г. Құрманбаева және А. Жолдасова - бастауыш сынып мұғалімдері. Ю. Байболова - биология пәні мұғалімі. Модераторға Е. Балат, Н. Өмірбай, М. Таласова тестілеуге қатысуға өтінім бермек. Жетістіктері сараланады. Нұсқаулық хатта көрсетілгендей, педагогтердің тәжірибесін тарату бойынша алгоритм, жаңа біліктілік санатына қойылатын талаптарға сәйкес тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді көрсетуі тиіс. (Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын



Сканировано с CamScanner

бекіту туралы ҚР БҒМ 2016ж. 27 қаңтар)

Академиялық адалдықты сақтау қағидалары бойынша педагог бағалау тапсырмаларын дұрыс, жүйелі құрастыруы қажет. Білім алушылар оларды әділ түрде орындауы қажет. Басшылыққа № 125 бұйрық (18.03.2008) алынады.

Мектепте 8 бірлестік жұмыс жасайды, жылдық жоспар жаса. оқу жылына жасалды. Педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары бар. Педагогтердің 90% курстан өткен. Әр үш жылда курсқа қатысады. 3 мұғалім отуы тиіс: Ә. Әлібек, Ж. Әмірбай, Э. Мүсірзи.

2025-2026 оқу жылындағы ерекшелік – білім беру мазмұнына «Адал азамат» бағдарламасы құндылықтарын енгізу. Әр сабақта пән мұғалімі 6 құндылықты сабақ мақсатына қарай жоспарға енгізу міндеттелді. Тәрбие бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табады.

Ағымдағы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі – сабақта жасанды интеллектіні қолдану. Осыған байланысты жасанды интеллектіні енгізу бойынша мынадай ұсыныстар бар:

1. Бір-екі қарапайым сервисті таңдап, оларды сабаққа дайындық кезінде қолданып көріңіз.
2. Сараптап қолданыңыз, материалдарды оқушылардың жасы мен бағдарламасына сәйкес өңдеп бейімдеңіз.
3. Қауіпсіздікті қолданыңыз.
4. Тәжірибе алмасыңыз.

Биылғы оқу жылында мектеп бір ауысымда оқиды. Сабақтардың басталуы 8-30, аяқталуы 14:35.

ДОТЖО Э. Әлімбекова оқушылардың мектеп формасына тоқталды. Ұлдардың киімі: классикалық үлгідегі қара түсті шалбар, ақ жейде. Қыздардың киімі: классикалық ақ жейде, қара юбка (ұзындығы тізеден 5см жоғары емес. Мұғалімдер киімі классикалық үлгіде болуы керек.

Мектептегі кезекшілік екі корпуста ұйымдастырылды. Оқушылардың мектепке келіп-кетуін қадағалау үшін сынып жетекшілер ата-аналармен хат арқылы ватсап желісінде хабарласып тұрады. Оқушының сабаққа келмеуі,



Сканировано с CamScanner

кешігуі, сабаққа қатыспай жүруі тәрбие ісі жөніндегі орынбасар мен сынып жетекшісі, пән мұғалімдерінің жауапкершілігінде.

1 қыркүйек Білім күнінде 1-сыныпқа 39 оқушы келеді. „Мектебім- мейірім мекені" тақырыбында іс-шара ұйымдастырылып, алғашқы қоңырау соғылады. Салтанатты жиынға 1-сынып пен 11-сынып оқушылары және ата-аналар мен мұғалімдер қатысады. Басталуы: 9-00.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директоры сөз алды. Мектептің ішкі тәртіп ережелеріне тоқталды. Мектептегі педагогикалық процесте мұғалім ең басты тұлға екендігін айтылды. Педагог өз пәніне тыңғылықты дайындалып, тәрбие мен білімді дарытумен бірге мектептің қоғамдық жұмыстарында да белсенді болу қажеттігін баса айтты.

Педагогикалық әдеп нормалары туралы алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі С. Әжибаев айтты. Мектеп педагогтері педагогикалық әдеп нормаларын үнемі ұстанып, бір-біріне құрметпен қарау керектігіне тоқталды.

Мектеп оқушыларын кітаппен қамтамассыз етілгені туралы кітапханашы Ә. Турехaнова айтып өтті. 7-8 сыныптарға жаңа кітаптар пайдаланылуға берілгенін атап кетті.

Әр түрлі мәселелер бойынша ДОІЖО Э. Әмірбекова сөз алды. 2025-2026 оқу жылының қараша айында мектепке облыстық сапаны бақылау департаменті тарапынан аттестаттау өткізілетінін хабарлады. Аттестаттаудан өтетін құжаттамалар, оларды сканерлеу, сайтқа жүктеу сала бойынша орынбасарларға жүктелетінін айтылды.

2024-2025 оқу жылы мектеп бітірушілерінің Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, жинаған балдары, пән бойынша орта балл туралы ДБІЖО Г. Түменова айтып өтті. 11-сыныпты 15 оқушы бітірді. Оның ішінде грант иегері атанғандары - 11. Ақылы негізде оқуға түскендер саны - 3. Жұмыссыз - 1. ҰБТ-ның білім сапасы - 73%.

Қаулы:

1. Мектептегі барлық құжаттамалар „2025-2026 оқу жылында ҚР жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаттың және „Адал азамат" тұжырымдамасы негізінде ұйым-



Сканировано с CamScanner

дастырылып, жүзеге асырылсын.

2. Мектептегі оқу-тәрбие жоспары, мектептің білім алушыларының тізімдік құрамы, педагогтердің оқу жүктемесі, сабақ кестесі, мектепті дамыту жоспары, педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары, әдістемелік кеңес жоспары, мектепішілік бақылау жоспары, тағы да басқа жоспарлар 2025 жылдың 01 қыркүйегіне дейін дайындалып, сала бойынша директор орынбасарлары жоспарлардың бекітілуіне жауапты болып есептелсін.

3. Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері 1-11 сынып оқушыларының тізімі Ұлттық білім беру деректер қорына түгел енгізіліп, сыныптан-сыныпқа көшу аяқталсын.

4. „Адал азамат" тұжырымдамасы бойынша білім беру мазмұнына алты құндылық енгізілсін. Тәрбие іс-шаралары „Біртұтас тәрбие бағдарламасымен" ұштастырылсын.

5. Педагогтердің цифрлық көмекшісі – жасанды интеллектінің түрлі құралдарын сабақ барысында қолдану жүзеге асырылсын.

6. 2025-2026 оқу жылында аттестаттаудан өтетін мұғалімдер, атап айтқанда, педагог-модератор санатына Е. Болат, Н. Өмірбай, М. Палатова, педагог-зерттеуші санатына Р. Құрманбаева, Я. Жолдасова, Н. Байбаева құжаттарын дайындасын. Құжаттардың талапқа сай екендігін тексеру, қадағалау аттестаттау комиссиясының төрағасы Н. Түсіповаға жүктелсін.

7. Мектепте облыстық сапаны бағалау департаменті тарапынан өткізілетін аттестаттау құжаттамаларына жауапты болып сала бойынша орынбасарлар табылсын.

8. 2024-2025 оқу жылында мектеп бітірушілерінің ҰБТ-ге қатысуы мен пәндер бойынша жинаған балы, орта балы, білім сапасы жақсы деп бағалансын.



Сканировано с CamScanner

9. Мектептің ішкі тәртіп ережелері № 338 бұйрығы (13.07.2009 ж.) негізінде жүзеге асырылсын.

Жиналыс төрағасы: Б. Әлімқұлов

Жиналыс хатшысы: Г. Умарова

Педагогикалық кеңестің

№ 2 хаттамасы

28 қазан, 2025 жыл　　　Ақбастау ауылы

Күн тәртібінде:

1. I тоқсан қорытындысы, мемлекеттік білім стандарттың талаптарының пәндер бойынша орындалу барысы.
2. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдерінің оқытылу барысы.
3. „Адал азамат" бағдарламасы аясында жоспарланған жұмыстардың атқарылу барысы.
4. ҰБТ-ға арналған жұмыс жоспары, дайындық жұмыстары.
5. Аудандық пән олимпиадасына дайындық барысы.
6. Халықаралық зерттеулер (PISA, PIRLS, ICILS, TIMSS, TALIS) бойынша және PISA оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың Халықаралық бағдарламасына сай жұмыс жүргізу.
7. ББЖМ (4-9 сыныптар) нәтижелерін талдау.
8. „Жасанды интеллектіні қолдану – заман талабы" тақырыбында түсіндірме жұмыстары.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары З. Әлімқұлова сөз алды. I тоқсан бойынша пәндердің білім сапасына тоқталып кетті. 2-11 сыныптар бойынша пәндердің білім сапасына салыстырмалы түрде талдау жасады.



Сканировано с CamScanner

I тоқсан бойынша білім сапасына талдау

| Пән | Сынып | Білім сапасы |
|---|---|---|
| Математика | 5-6 | 58,33% |
| Алгебра | 7-9 | 56,32% |
| Алгебра | 10-11 | 66,00% |
| Геометрия | 7-11 | 59% |
| Физика | 7-11 | 60% |
| Қазақ тілі (бас) | 2-4 | 69,6% |
| Әдебиеттік оқу | 2-4 | 64,6% |
| Математика | 2-4 | 66% |
| Орыс тілі | 5-11 | 66,77% |
| Орыс тілі | 2-4 | 56,70% |
| Қазақ тілі | 5-11 | 66% |
| Қазақ әдебиеті | 5-11 | 66% |
| Қазақстан тарихы | 5-11 | 63,64% |
| География | 7-11 | 65,77% |
| Жаратылыстану | 5-6 | 59,72% |
| Химия | 7-11 | 61% |
| Биология | 7-11 | 69% |
| Дүниежүзі тарихы | 10-11 | 65,38% |
| Ағылшын тілі | 3-11 | 60% |

I тоқсан бойынша пәндердің білім сапасы – 56,5%. Өткен оқу жылының (2024-2025) қорытындысы бойынша



Сканировано с CamScanner

Білім сапасы 58%-ды құраған болатын. I тоқсан қорытындысы бойынша 56,5%-ды құрап отыр. Өткен оқу жылы мен аяқталған тоқсан аралығындағы жазғы демалыс кезінде үздіктер мен екіншілердің басқа мектептерге ауысуына байланысты туындады. ДОТЖО Э. Әмірбекова білім сапасын көтеру үшін мұғалімдердің өз пәндеріне ерекше жауапкершілікпен қарап, әдіс-тәсілдерді жаңартып, балалардың қызығушылығын арттыратын тапсырмаларды жандандырып отыру қажеттігін атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша. ДОТЖО Э. Әмірбекова қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі пәндерінің оқытылу барысына тоқталды. Оқу жылының басы 5 қыркүйек А. Байтұрсынұлының туған күніне байланысты Тілдер мерекесінен басталды. Бірлестік мұғалімдері сыныптан тыс іс-шаралар өткізді. Атап айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г. Құттыбаева „Тіл, әдебиет бәйгесі" тақырыбында сайыс сабақ өткізді. 6 „Ә"-сыныбымен өткізілген сабақта қазақ тілі, қазақ әдебиеті пәндері бойынша сұрақтар қойылып, оқушылар белсенді қатысты.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г. Уларова 8 „Ә"-сынып оқушыларымен „Әдебиет әлемінде" атты сыныптан тыс сабақ өткізді. Сабақ барысында қазақ әдебиеті пәні бойынша 7-сыныпта өткенді қайталау тапсырмалары берілді. Әдеби шығармалардан үзінділер беріліп, қай кейіпкер немесе авторы туралы сауалдар беріліп, қызығушылығын тудырған сабақ болды.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А. Жаланова „А. С. Пушкин и казахская литература" тақырыбында әдеби кеш өткізді. Ақынның өлеңдері жатқа оқылып, өмірбаянынан мәліметтер баяндалды. „Қарға мен түлкі" мысалынан көрініс көрсетілді. „Евгений Онегин" поэмасы бойынша оқушылар кейіпкерлерге мінездеме берді.

Тіл мерекесіне арналған онкүндік барысында эсселер, диктант жұмыстары алынды. Оқушылардың орфографиялық норманың меңгерілулері бағаланды. Онкүндік өз дәрежесінде өткізілді.

3. Үшінші мәселе бойынша директордың



Сканировано с CamScanner

тәрбие ісі жөніндегі орынбасары міндетін уақытша атқарушы Ә. Мусабаева «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша атқарылған іс-шаралардың есебін берді.

Қыркүйек айы «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы» деп аталады. 1 қыркүйекте «Мектебім – мейірім мекені» айдарымен «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Барлық сыныптарда «Қауіпсіздік сабағы» (10 минут) ұйымдастырылып, оқушыларға жол, мектепте және үйдегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу апталығы өтілді. «Дос баланың» бағдарламасы негізінде буллингтің алдын алу мақсатында ұл балалар және қыз балалармен жеке-сұхбат жүргізілді. Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында мектеп инспекторларымен кездесу 7-11 сынып оқушылары арасында өткізілді.

Қазан айы «Тәуелсіздік және отаншылдық айы» деп аталады. 1 қазан қарттар күніне орай ардагер ұстаздарға арналған кездесу кеші өтті. Мектептің зейнетке шыққан мұғалімдерін Ақбастау мектебінің мұғалімдері мен оқушылары құттықтап, әсерлі кеш өтті. 5-7 сыныптар арасында «Алтын күз» сайысы өтті. Оқушылар өздерін таныстырып, әртүрлі тағамдар дайындап, қолөнер бұйымдарын жасап, өнерлерін ортаға салды. 25 қазан Республика күніне орай 7 «А», 8 «Ә» - сынып оқушыларымен «Республикам – мақтанышым!» тақырыбында мерекелік концерт өткізілді. Оқушылар әндерін айтып, би билеп, хор айтты. Кеш өз дәрежесінде өтті. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында қосымша білім беру педагогі Н. Қоңырбайдың ұйымдастыруымен «Күзгі асар» жәрмеңкесі өтті. Оқушылар күзгі дақылдарды, жеміс-жидектерді және үйден түрлі тағамдарды дайындап, жәрмеңкеде сатып, мектептің қайырымдылық акциясында белсенділік танытты.

Төлеби ауданының білім бөлімінің 24.10.2025ж. № 1846 бұйрығы негізінде күзгі каникулды ұйымдастыру бойынша



Сканировано с CamScanner

„Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шараларды өткізу ұсынылады. „Балалар кітапханасы" жобасы аясында „Демалыста кітап оқимыз" мектепішілік іс-шарасын, „Буллингтен қорған!" қауіпсіздік сабағын, өзін-өзі басқару ұйымымен „Мектеп театрын" ұйымдастыру ұсынылуда.

4. Төртінші мәселе бойынша директордың бейіндік істері бойынша орынбасары Г. Түлегенова ҰБТ-ге дайындық барысы туралы айтып өтті. 11 „А", 11 „Ә" сынып оқушылары Ж. Ташенов университетіне барып, дайындық тестілеуінен өтті. 11 „А"-сыныбы жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша пәндердің орта балы мынадай: оқу сауаттылығы – 6,3%, математикалық сауаттылық – 4,4%, Қазақстан тарихы – 7,6%, 1-бейіндік пән – 17,3%, 15,2%, 2-бейіндік пән – 21,2%, 16,5%, 18%.

11 „Ә"-сынып оқушылары (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) пән бойынша мынадай көрсеткіш көрсетті: оқу сауаттылығы – 5,7%, математикалық сауаттылық – 5%, Қазақстан тарихы – 9,45%, 1-бейіндік пән – 8%, 15,7%, 2-бейіндік пән 32%, 13,5%, 19%, 22%.

5. Бесінші мәселе бойынша директордың әдістемелік жұмыстары бойынша орынбасары Н. Жусипова оқушыларды пән олимпиадасына дайындау туралы баяндады. „Аудан олимпиадасына" оқушылар тіркеліп, 32 оқушы аудандық кезеңге өтті. „Құқық негіздері" пәнінен 11 „Ә"-сынып оқушысы Ә. Жақсылыбек аудандық кезеңнен облыстық сайысқа өтті. „IQanat" олимпиадасына 19 оқушы қатысып, бақтарын сынады. „Менің шағын өлкемнің келешек жобасы" аясында өткізілген байқауда 10 „А"-сынып оқушысы Ұ. Сабыр ғылыми жоба қорғап, аудан бойынша 1-орынды, облыстық кезеңде 2-орынды иеленді.

6. Халықаралық зерттеулер бойынша да ДОІЖО Н. Жусипова баяндап өтті. Өткен оқу жылында PISA тапсырмалары бойынша зерттеу жұмыстары өткізілген. Зерттеу нәтижесі әлі хабарланбады. Күнделікті сабақ барысында PISA тапсырмаларын қолдану тиімді нәтиже беретінін атап кетті.

7. Жетінші мәселе бойынша ДБІЖО Г. Түлегенова ББЖМ нәтижелері бойынша



Сканировано с CamScanner

айтып өтті. Өткен оқу жылында 4-9 сыныптар ББЖМ тапсырды. Аудан бойынша нәтиже хабарланбағанын айтты.

8. Сегізінші мәселе бойынша мектеп директоры Б. Алимкулов айтып өтті. Жасанды интеллектінің қазіргі қоғамдағы алатын орнына тоқталып өтті. Жасанды интеллекті арқылы қосымша ақпарат алуға болады. Бұл мұғалімнің уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Сабақта ЖИ адами құндылықтарды алмастыра алмайды. Сабақ барысында жасанды интеллектіні қолданудың мұғалімдер назарға алу керектігін атап кетті.

9. Әртүрлі мәселелер бойынша ДОІЖО Э. Әлимбекова сөз алды. Мектептің перспективалық жоспарына сай мұғалімдердің аттестаттау кезеңдеріне қарай ұлттық біліктілік тестілеуіне қатысып, „Ұстаз" платформасына жеке құжаттарын жүктеу тиісті. Атап айтқанда, бастауыш сынып мұғалімі С. Чиназ және орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Э. Мусірова аттестациядан өтуге өтініш бермек. Аталған мұғалімдердің құжаттарының сәйкестігін комиссия саралайды.

Қаулы:

1. Мектеп бойынша I тоқсан қорытындысы және мемлекеттік білім стандарты талаптарының пәндер бойынша орындалуы қанағаттанарлық деп табылсын.

2. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдерінің оқытылу барысы өз дәрежесінде деп есептелсін.

3. „Адал азамат" бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарға

4. ҰБТ бойынша дайындық жұмыстары күшейтіліп, жандандырылсын.

5. Аудандық пән олимпиадасына дайындық барысы назарға алынып, пән



Сканировано с CamScanner

мұғалімдеріне жауапкершілік жүктелсін.

6. Халықаралық зерттеулер, әсіресе PISA бойынша дайындық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін, PISA тапсырмаларын күнделікті сабақта қолдану жүзеге асырылсын.

7. ББЖМ нәтижелері (4-9 сыныптар) аудандық білім бөлімі тарапынан хабарланған жағдайда, мектеп көлемінде талдансын.

8. Мектепте жасанды интеллектіні қолдану, сабақ барысында тақырыптармен ұштастыру қолға алынсын.

9. Бастауыш сынып мұғалімі С.Чиназ және орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі Г.Мусірова педагогтердің білімін бағалау тестілеуіне қатысып, "Ұстаз" платформасына жеке құжаттарын жүктеуге рұқсат берілсін.

Жиналыс төрағасы Б.Алимкулов

Жиналыс хатшысы Г. Умарова

Сканировано с CamScanner